

3 сынып білім алушыларына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен

II-тоқсан жиынтық бағалаудың тапсырмалары

Күні \_\_\_\_\_ Білім алушы \_\_\_\_\_

Орындау уақыты: 45 минут

Балл саны: 16

Тапсырма I нұсқа

Тыңдалым және айтылым

**1. Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер. (6)**

Бірде Болаттың үйіне ағасының жолдасы келді. Ол бас киімін үстелдің үстіне қойып жатып:

– Бүгін бір күнімді босқа жоғалттым, - деді. Болат оның сөзіне таңданып қалды. Қонақ кеткен соң ол ағасынан:

– Күнді қалай жоғалтуға болады? Барлық күндер бірдей емес пе? - деп сұрады.

– Уақыты жағынан барлық күндер бірдей, ал жұмысына қарай әртүрлі болады, – деді ағасы.

– Адамның ешқандай пайдалы іс жасамаған және кешегі білгенінен басқа ешқандай жаңа нәрсе үйренбеген күні «жоғалған күн» болып саналады.

Содан бері Болат ұйықтар алдында ағасына күні бойы істеген әрекеттерін айтып беретін болды. Сондай-ақ, ол күн сайын:

– Менің күнім жоғалған жоқ па? - деп сұрауды әдетке айналдырды.

*Болат қандай сөзді естіп, таң қалды? .....*

*Ағасы «жоғалған күн» дегенді қалай түсіндірді? .....*

*Болат нені әдетке айналдырды? .....*

**Болат күн сайын өзіне қандай сұрақ қоятын? Осы сұрақты өзіңе қой және жауап бер.**

.....

**Оқылым**

**2. Мәтінді түсініп оқы. Мәтін бойынша кестені толтыр. (5)**

**Көне Отырар**

Отырар – Арыс өзенінің оң жақ жиегінде орналасқан көне қала. Көне Отырар арқылы көшпенді қазақтар саудамен шұғылданып, отырықшылықпен танысып, басқа халықтармен қатынаса бастады. Отырар тұрғындары күріш, тары, бидай, мақта, жүзім өсірумен шұғылданды. Қалада жақсы су жүйесі болған. Отырар қаласы сауда жолдарының ортасында тұрғандықтан оған басқалардың назары көп түскен. Отырарды Қайырхан басқарған әскерлер алты ай бойы моңғолдардан қорғаған. Басып алғаннан кейін жаулар қаланы түгел өртеп жіберген. Қазір Отырар қаласының орны ғана бар.

Қаланың орналасқан жері	Халқының кәсібі	Тарихы

Отырар қаласына басқалардың назары неліктен көп түсетін? .....

Мәтіннің мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз. ....

### Жазылым

**3. Құрылымы қате берілген мәтіннің негізгі бөліктерін (басы, ортасы, соңы) анықтап, 1,2, 3 сандарымен белгіле. Мәтінді ретке келтіріп жаз. Мәтіннің әр бөлігіне ат қой. (5)**

Әкесі Сәкенді осы үлкен пирамиданың қасына суретке түсірді. Ежелгі египеттіктер пирамидаларды үлкен-үлкен тастардан салған екен. Оның ішіне өздерінің басшыларын жерлеген. Оларды «перғауындар» деп атайды. Ең үлкен пирамида Хеопс перғауынға арнап салынған. Оның биіктігі қазіргі заманғы қырық қабатты үйден де биік! Өткен күзде Сәкен ата-анасымен бірге Египетке демалуға барды. Ол алып пирамидаларды көріп, қатты таңғалды.

1. ....

2. ....

3. ....

**Балл қою кестесі**

<b>Тапсырма №</b>	<b>Жауап</b>	<b>Балл</b>	<b>Қосымша ақпарат</b>
1	Бір күнді босқа жоғалттым. Жоғалған күн.	1	Мазмұнына сәйкес баламалы және толық жауаптар қабылданады
	Адамның пайдалы іс жасамай, ештеңе үйренбей өткізген күн	1	
	Ағасына күні бойы жасаған әрекеттерін айтуы	1	
	Үйде анама көмектестім, өз заттарымды жинастырып қойдым...	1	Сұраққа сәйкес дәлелді ой айтады
		1	Өз ойын жүйелі жеткізеді
		1	Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды
2	Арыс өзенінің жағасында. Арыс өзенінің оң жағында	1	Мәтіннің мазмұнына сәйкес баламалы қысқа және толық жауаптар қабылданады
	Саудамен шұғылданған. Тары, бидай, мақта, жүзім өсірумен шұғылданған	1	
	Қайырханның әскері алты ай бойы қорғаған. Жаулар қаланы толық өртеп жіберген	1	
	Отырар сауда жолының ортасында тұрған қала болы	1	
	Отырар қаласының орнында қазір не бар?	1	Мәтіннің мазмұнына сәйкес баламалы сұрақтар қабылданады
3	Өткен күзде Сәкен ата-анасымен бірге Египетке демалуға барды. Ол алып пирамидаларды көріп, қатты таңғалды	1	Мәтіннің құрылымдық бөліктер анықтайды
		1	Мәтінді ретке келтіріп жазады
	Ең үлкен пирамида Хеопс перғауынға арнап салынған. Оның биіктігі қазіргі заманғы қырық қабатты үйден де биік!  Әкесі Сәкенді осы үлкен пирамиданың қасына суретке түсірді	3	Мәтіннің мазмұнына сәйкес баламалы жауаптар қабылданады. Әр бөлікке сәйкес 1 балл беріледі
	<b>Барлығы</b>	<b>16</b>	

**Токсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының  
сипаттамасы**

<b>№</b>	<b>Сөйлеу әрекетінің түрлері</b>	<b>Ортақ тақырып</b>	<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Тапсырманың сипаттамасы</b>	<b>Тапсырма саны</b>	<b>Жалпы балл</b>
1	Тыңдалым және айтылым	Уақыт Сәулет өнері	3.1.1.1 Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	6
2	Оқылым		3.2.1.2 Шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу 3.2.2.1 Қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
3	Жазылым		3.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру 3.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
<b>Барлығы</b>					<b>3</b>	<b>16</b>

